



SEMEYtanu

№ 104 (19731) 21 қазан, 2025 жыл

1917 ЖЫЛДЫҢ 17 МАУСЫМЫНАН ЖАРЫҚ КӨРЕ БАСТАДЫ

АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

■ СЕЙСЕНБІ, ЖҰМА КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ

■ EMAIL: INFO@SEMEYTANY.KZ

АЙМАҚТАР ҮНДЕСТІГІ

ЕРТІС ПЕН СЫРДЫҢ БОЙЫ СЫРЛАСҚАН КҮН

Абай облысының Қызылорда облысы және Шымкент қаласындағы мәдени күндері өтті

Халқымыз қоңыр күзді берекенің бастауы санайды. Егін пісіп, қырман астыққа толатын, төрт түлік жетілетін сары ала жапырақты күздің осындай айының бірі – қазанның 16 күні Қызылордада Абай облысының мәдениет күндері басталды. Облыс әкімі Берік Уәли бастаған делегация құрамында Парламент Сенатының депутаты Қайрат Тастекеев, Парламент Мәжілісінің депутаты Мақсат Толықбай, кәсіпкер Дулат Тастекеев, аймақ ардагерлері, зиялы қауым өкілдері, облыстық мәслихат депутаттары, Абай атындағы драма театр ұжымы бар.



Руза АСАНҚЫЗЫ,
«Semeitanu»

Облыс делегациясын Сыр елі Қызылорданың Қорқыт Ата әуежайынан ақ жаулықты әжелердің әсем әнімен қарсы алды. «Sultan Plaza» қонақ үйіне орналасып, түскі асымызды ішкен соң алдын ала жасалған бағдарлама бойынша Қызылордамен танысуды «Анаға тағзым» орталығынан бастадық. Құны 1,7 млрд теңге тұратын бұл орталық 2023 жылы Аналардың құрметіне аймақ жұртшылығына атымтай жомарттығымен танымал белгілі кәсіпкер Марат Базарбайұлы Дүйсенбаевтың демеушілігімен салынған екен. «Анаға тағзым» орталығында әйелдердің креативті үйірмесі қолынан іс келетін, жаңаша ұлттық брендтерді ойлап тауып, экспорттың дамуына үлес қосатын араларды бір жерге шоғырландырып, жаңа жұмыс орындарының ашылуына да жағдай жасап жатқанына куә болдық. Мұнан бөлек, ғимаратта «Мирас» әжелер клубы, «Ұлт жақұты» музей залы, «Бойтұмар» қыздар клубы, «Сырғалым» сырласу клубы, «Жас отау» жас отбасылар мектебі, «Ана тілі» дебат клубы жұмыс істеп тұр.

Өткен жылы Қызылордада сәулеті келіскен Өнер орталығы бой көтеріпті. Өнер орталығы еліміздің рухани қазынасын толтыруға, мәдениеті мен өнерін асқақтатуға қызмет етуде. Зәулім ғимаратта симфониялық, эстрадалық және ұлттық өнер бағытындағы концерттік бағдарламалар, түрлі форматтағы қоғамдық ішаралар өткізіледі. Осы сапарда Сыр өңірінде мәдениет пен өнер саласында жағымды жаңалық көп екенін байқадық.

Сыр елінде болған сапарымызда «Қызылорданың астаналық кезеңі: тарих пен тағалым» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияда болдық.

Оған Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары мен еліміздің және шет елден келген ғалымдар қатысты. Аймақ басшысы Нұрлыбек Мәшбекұлы Қызылорда қаласының ел астана-сы болғанына, «Қазақ» атауының қайтарылғанына 100 жыл толу мерейтойымен құбырлап, өңірдің бүгінгі мерекеге толағайн табыстармен, жарқын жетістіктермен жеткенін нақты мысалдармен баяндап берді.


Өнер орталығында өткен «Алтын күз – 2025» салтанатты шарасына Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Абай облысының әкімі Берік Уәли, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, Қазақстанның Еңбек Ерлері, ғалымдар, өнер майталмандары, республиканың барлық өңірінен келген облыстық мәслихат төрағалары арнайы қатысты.

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев ауыл шаруашылығында атқарылған жұмыстарға, агро-саланың алдағы бағыт-бағдарына тоқталып, қамбаны толтырып, береке мен бірліктің үлгісін көрсеткен диқандарды құттықтады.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялап: «Біз жұмысшы мамандықтарын дәрiптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз! Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек», - деген болатын.

«Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатын ұрпақ санасына сіңіру, насихаттау, қарапайым еңбек адамдарын дәрiптеу – біздің басты мақсатымыздың бірі. Сыр елінің даңқын асқақтатқан дала академигі Ыбырай Жақаев бастаған 102 Социалистік Еңбек Ерінің және тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанның Еңбек Ерлерінің жетістіктері аңызға айналды. Саналы ғұмырында туған жеріміз үшін аянбай еңбек еткен ардақты ардагер ағаларымыз бүгін ортамызда. Облысымыздың дамуына қосқан орасан зор үлестеріңіз үшін Сіздерге барша Сыр жұртшылығының атынан шынайы алғыс-сыймды білдіремін. Ел үшін жасаған ерен еңбектеріңіздің жемісін, бейнеттеріңіздің зейнетін көріңіздер! – деді Нұрлыбек Мәшбекұлы.

Абай облысының әкімі Берік Уәли Сыр елінің еңбекқор жұртына ризашылығын айтып, екі өңір арасындағы байланыстың одан әрі нығайту-етініне сенім білдірді. Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаевқа жылы қабылдағаны үшін алғысын жеткізіп, «Абайға құрмет» акциясы аясында Семейде «Анаға тағзым» орталығын салып беретініне ризашылығын білдірді. Қос облыстың тарихи үндестігі мен рухани сабақтастығын, ел дамуына қосқан ортақ үлесін айтып өтті.



- Қазақ халқы тағдырының тайғақ кешу-лі кезеңдерінде жағасына келіп тыныс тапқан, суына бетін жуып, үмітін ертеңге жалғаған қасиетті Сырдарияның бойында, ежелгі Ақмешіт, бүгінгі Қызылорда төрінде өздеріңізбен жүз-де-сіп отырғаныма бек қуаныштымын! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Алаш арыстары заманның сын-қатеріне қарамай, Қазақ елінің мемлекетшілдік идеясын жаңғыртты», - деп алаш қозғалысына тарихи баға берген болатын. Жиырмасыншы ғасырдың басында Семейге топталып, ұлттың «болу мен бордай тозу» алдында тұрған шағында қайрат қылған қайран ерлер Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы мен Мұхтар Әуезов, Өміре Қашаубаев сияқты тұлғалар ғасырдың екінші ширегі басталғанда Қызылордада қызмет етіп, мәдениет пен ағартуға өлшеусіз үлес қосты. Өткен ғасыр басындағы қазақтың мәңгі өлмес шығармалары Семейде басталып, Қызылордада нүктесі қойылып жатты. Бұл - біз үшін бәрінен биік мақтаныш. Біз бүгін аймақтарыңызға үлкен делегациямен - өнер жұлдыздары, зиялы қауым өкілдері және жақында ғана республикалық байқауда бас жүлде алған театрымыздың арнайы қойылымымен келіп отырмыз. Бұл өңіраралық рухани-мәдени байланыстарды нығай-

тып, біздерді бауырластыра түседі деп сенеміз, - деді облыс әкімі Берік Уәли.

Сыр елінің тұрғындары сол күннің кешінде біздің Абай атындағы сазды театрдың «Еңлік - Кебек» қойылымын тамашалады.

Ел көріп, жер көрудің құдіретін осы жолы анық түсінгендеймін. Сапардың әр сәті — сабақ. Осы жолы Қызылорданың мінезін, рухын, тазалығын көріп, ерекше әсер алдым. Шынымды айтсам, үйренеріміз көп екен. Біріншіден — тазалық. Қалада қоқыс жәшігі көп емес, бірақ айнала тап-таза. Бұл — жүйенің емес, сананың тазалығының айғағы. Екіншіден — тілге деген құрмет. Қонақ үй қызметкерлерінен бастап дүкен сатушыларына дейін, тіпті әкімдік қызметкерлері де тек қазақ тілінде сөйлейді. Бұл мені ерекше қуантады.

Қызылордада тіл мен тазалық өмірдің табиғи бөлшегіне айналғанды. Осындай ортада жүрген адамның бойында рух пен мәдениет қатар өседі деп ойлаймыз.

Қызылордадағы Абай облысының күндері Шымкентте жалғасты. Шымқалада Абай ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, мәдени нысандарын араладық. Кешке Абай атындағы театр ұжымы «Еңлік - Кебек» қойылымын шымкенттік көрерменге ұсынды.

АПТАНЫҢ АЙТУЛЫ ЖАҢАЛЫҒЫ

ҚАЛБАТАУ-МАЙҚАПШАҒАЙ ЖОЛЫ АШЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасын орындау мақсатында бүгін республикалық маңызы бар, ұзындығы 415 шақырымды құрайтын Қалбатау – Майқапшағай автомобиль жолын қайта жаңарту бойынша негізгі құрылыс жұмыстары аяқталып, көлік қозғалысы ашылды.

Күре жолдың ашылу рәсіміне Абай облысының әкімі Берік Уәли, Шығыс Қазақстан облысының әкімі Нұрымбет Сақтағанов, «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ төрағасы Дархан Иманашев, Парламент Мәжілісінің депутаттары Нұртай Сабильянов, Ерлан Саиров, Ұлықбек Тұмашиннов, Ринат Зайытов, Мақсат Толықбай қатысты. Аймақ басшысы бұл жолдың өңір тұрғындары үшін ерекше маңызы бар екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев биылғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Өңірлердің көлік байланысына қатысты мәселемен мықтап айналысу керек. Бұл жөнінде қазір көп айтылып жүр, соның ішінде халықаралық форумдарда да талқылануда. Ірі транзиттік аймақ саналатын Қазақстан үшін бұл бағыт айрықша маңызды», - деп атап өткен болатын. Біз бүгін өңіріміздің инфрақұрылымдық дамуындағы маңызды бес-леске куә болып отырмыз. Жолдың еліміздің басты мерекесі – Республика күні қарсаңында пайдалануға беріліп отырғаны облыс жұртшылығы үшін қуанышты жаңалық болғанын айтуымыз керек. Өңір тұрғындары бұл күнді көп күтті. Бұл халықаралық логистикалық дәліздің 184 шақырымы Абай облысы арқылы өтеді. Жарма, Көкпекті, Ақсуат аудандары жол аумағында жатыр. Аталмыш бағыт аймақтың экономикалық тұрғыдан дамуына, туристік ағын-



ның артуына, өңіраралық байланысты жақсартуға септігін тигізетін анық. Көлік министрлігіне, «ҚазАвтоЖол» басшылығына, мердігер компанияға облыс тұрғындары атынан алғыс білдіремін, - деді облыс әкімі.

«ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясының басқарма төрағасы Дархан Иманашев жобаның стратегиялық маңызына тоқталды.

- Қалбатау – Майқапшағай тас жолы – еліміздің көлік саласының маңызды бөлігі. Бұл жол Қазақстанның орталық және шығыс өңірлерін Қытай Халық Республикасының шекарасымен байланыстырады. Жобаның жүзеге асырылуы транзиттік әлеуетті арттыруға, өңіраралық және халықаралық байланысты нығайтуға, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және азаматтар үшін қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді. Бұл – еліміздің экономикалық тұрақты дамуына бағытталған жол инфрақұрылымын жаңғыртудың кең ауқымды жұмысының нәтижесі, - деді ол.

Жол құрылысы Қытайдың Экспорттық-импорттық банкінің қаражаты есебінен және республикалық бюджеттен қосымша қаржыландыру арқылы жүзеге асырылды. Жоба жалпы ұзындығы 415 шақырым болатын 10 учаскені және 2 жол пайдалану учаскені қамтиды. Оның ішінде 184 шақырымы Абай облысының, 231 шақырымы Шығыс Қазақстан облысының аумағында орналасқан. Жобаны іске асыру барысында 8 асфальтбетон зауыты, 1100 бірлік жол-құрылыс техникасы, 1800-ден астам маман жұмылдырылды. 5 демалыс алаңы, 37 көпір, 2 жол өтпесі, 349 су өткізу құбыры және демалыс аймақтарында 2 санитарлық-гигиеналық торап салынды.

Биыл Абай облысында көліктің инфрақұрылымды дамыту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Жалпы ұзындығы 408 шақырым болатын жергілікті маңызы бар автомобиль жолдары мен елді мекен көшелерін жөндеуге және жобалық-сметалық құжаттама әзірлеуге түрлі деңгейдегі бюджеттерден қаржы бөлінді. Облыстық маңызы бар 109 шақырым жолдың жеті учаскесінде, аудандық маңызы бар 130 шақырым жолдың 14 учаскесінде және «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында 63 шақырым елді мекен көшелерінде жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ Семей қаласында 52 көше, Курчатова 42 шақырым жол қайта жаңартылуда.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі



«ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫ-2025»

ЖЕРЛЕСІМІЗ - КҮМІС ЖҮЛДЕГЕР

Астанада қазақ күресінен дәстүрлі «Қазақстан Барысы-2025» республикалық турнирі өз мәресіне жетті. Биылғы додада еліміздің барлық өңірінен келген ең мықты балуандар бақ сынасты.



Абай облысының намысын қорғаған Ерасыл Қажыбаев жарыс барысында жоғары дайындығы мен шеберлігін көрсетіп, барлық қарсыласын айқын басымдықпен ұтып, тек финалдық белдеуде есе жіберді. Осылайша, ол дүбірлі доданың күміс жүлдегері атанды.

Бұған дейін Айбек Нұғымаров екі мәрте «Қазақстан Барысы» атанса, Мұхит Тұрсынов пен Дәурен Нұрәлинов та елдің ең мықты балуаны атағын жеңіп алған. Сонымен қатар Шалқар Жоламанов пен Саят Шәмшиев бірнеше мәрте жүлдегер атанған болатын.

Ерасыл Қажыбаевтың жеңісі – Абай облысындағы балуандар мектебінің деңгейін тағы бір мәрте дәлелдеді.

«ST» - ақпарат

СЕМЕЙ

КҮН ТӨРТІБІНДЕ - ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ

Семей қаласы әкімдігінде шаһар басшысы Әділет Қожанбаевтың төрағалығымен аппарат кеңесі өтті. Жиынға әкім орынбасарлары мен бөлім басшылары және инспекторлар қатысты.

Күн тәртібінде жылжыту маусымының барысы, қоғамдық көлік, арық жүйелері, қысқы кезеңге техника дайындығы және қала тазалығы мәселелері қаралды. Қала әкімі атқарылып жатқан барлық жұмыстардың сапалы орындалуы тиіс екенін баса айтты.

- Бүгінгі жиналысымыздың негізгі мақсаты – қаламыздағы өзекті мәселелердің орындалуы барысын қарап, алдағы кезеңге нақты міндеттерді айқындау. Қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі – жылжыту маусымының өтуі барысы. Отын қоры, жылу көздерінің дайындық деңгейі, апаттық жағдайлардың ал-

дын алу мәселесі күнделікті бақылауда болуы тиіс. Қала тұрғындарынан түсіп жатқан шағымдар саны аз емес. Сонымен қатар арық жүйелерінің тазалығы мен қысқы кезеңге техниканың дайындығы да өзекті мәселелердің бірі. Бүгінгі жиналыста көтерілетін мәселелер – нақты нәтижеге бағытталған жұмыс болуы керек, - деді Әділет Қожанбаев.

Қала басшысы барлық бөлімдерге жұмыс қарқынын арттыруды, тәртіпті күшейтуді және тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған нақты шаралар қабылдауды тапсырды.

ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Семей қаласының тұңғыш рет сайланған әкімі Әділет Қожанбаев алғашқы кездесуін Юность шағын ауданынан бастады. Аудандағы тұрғындар үгіт-насихат науқаны кезінде апатты жағдайдағы ағаштардың қауіп төндіріп тұрғанын айтқан болатын.

- Сайлау алдындағы үгіт-насихат кезінде берілген уәделер кезек-кезеңімен орындалатын болады. Тұрғындар тарапынан көтерілген мәселелердің бірқатары бойынша нақты шаралар қолға алынды, - деді шаһар басшысы.

Кездесу барысында қала әкімі жауапты бөлім басшыларына қауіпті ағаштарды кесу жұмыстарын жедел ұйымдастыруды тапсырды. Қазір аудан аумағында тиісті жұмыстар жүргізіліп жатыр. Алдағы уақытта әр аудандағы өзекті мәселелерді тұрғындармен бірлесе отырып шешу көзделген.

Қала әкімі Әділет Қожанбаев таңғы уақытта қаланы аралау барысында көмір сататын нысандардың жұмысымен танысты. Жауапты ма-

мандармен және кәсіпкерлермен сөйлесіп, қазіргі ахуал туралы нақты ақпарат алды.

- Қыс маусымына дайындық – аса маңызды мәселе. Ең бастысы, тұрғындардың тұрақты түрде көмірмен қамтамасыз етуі қажет. Қазір күн салқын, сондықтан бұл бағыттағы жұмыс үздіксіз жүруі тиіс, - деді Әділет Нұрсағатұлы.

Сондай-ақ Әділет Қожанбаев тиісті бөлім мен мекеме басшыларына көмір жеткізу мен сату

барысын тұрақты бақылауда ұстап, тұрғындар тарапынан шағым туындамас үшін барлық қажетті шараларды қабылдауды тапсырды.

Қала әкімінің баспасөз қызметі



Өңірлік коммуникациялар қызметінде

ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ – БАСТЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Абай облысында су ресурстарын тиімді пайдалану, табиғатты қорғау және су тасқынының алдын алу бағытында кешенді шаралар қолға алына бастады. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында облыстық Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Марат Теміржанов мәлімдеді.



Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ, «Semey tanu»

Жиында басқарма басшысы өткен 9 айда атқарылған жұмыстар туралы толық мәлімет берді.

Марат Теміржановтың айтуынша, облыс көлемінде табиғатты қорғау мен экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жүйелі жүзеге асуда. Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы жыл басынан бері қоршаған ортаны қорғау, орман және жануарлар дүниесін сақтау, су ресурстарын тиімді пайдалану, елді мекендерді көгалдандыру және табиғи қалдықтармен жұмыс істеу бойынша бірқатар нәтижелерге қол жеткізген.

- «Орман және аңшылық шаруашылығының жедел ден қою жасағы» мен «Жасыл ел Абай» коммуналдық мекемелері табиғатты қорғау бағытында белсенді жұмыс атқарауда. Табиғатты қорғаудағы нақты істерге тоқталсам, балық шаруашылығын дамыту бағытында Ертіс өзеніне сібір бекіресі мен сазан шабақтарын жіберу жұмыстары жалғасын тапты. Бұл – өңір-

дің экожүйесін сақтап, табиғи тепе-теңдікті нығайтуға бағытталған маңызды істердің бірі. Сонымен қатар Ертіс өзені мен Шүлбі су қоймасындағы сүкүзіндардың санына бақылау жүргізіліп, олардың шектен тыс көбеюінің алдын алу шаралары атқарылды.

Аңшылық шаруашылығына келсек, облыс бойынша 19 аңшылық аумағы бар. Биыл жеті учаскені конкурс арқылы бекіту жоспарланып отыр. Бұл – табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мен заңсыз аңшылықтың алдын алуға мүмкіндік береді, - дейді Марат Теміржанов.

Бүгінгі күні экологиялық мәдениетті қалыптастырудың басты бағыттарының бірі – елді мекендерді көгалдандыру. Осы орайда көгалдандыру және «Жасыл ел Абай» жобасын айтпай кетуге болмас. Биыл облыс бойынша 65 мыңнан астам ағаш көшетін отырғызу жоспарланған болса, көктемгі кезеңде 57 мыңнан астам жасыл желек егілген. Ағаш отырғызу материалдарымен қамтамасыз ету мақсатында жаңа тәлімбәк пен жылыжай кешенін салу қолға алынған. Осы мақсатта биыл облыс әкімдігінің шешімімен «Жасыл ел Абай» коммуналдық мекеметтік мекемесі құрылған. Мекеме алдағы уақытта, орманды қалпына келтірумен қатар, Семей қаласының айналасында жасыл белдеу қалыптастырумен айналысады.

Облыста экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында орман және аңшылық шаруашылығын қорғау, сондай-ақ қалдықтарды басқару бағытында да ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Марат Теміржановтың мәліме-

тіне сүйенсек, Орман және аңшылық шаруашылығының жедел ден қою жасағы 2025 жылдың басынан бері 314 рейдтік іс-шара ұйымдастырып, нәтижесінде 68 заң бұзушылық анықталған. Оның ішінде заңсыз аң аулау және балық аулау деректері бойынша 4 қылмыстық іс қозғалып, келтірілген залалдың жалпы сомасы 6,4 миллион теңгеге жуыраған.

Қыс мезгілінде жабайы жануарлардың табиғи ортада тіршілігін қолдау мақсатында облыс аудандарында жем-шөп төсеу жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде.

Сонымен қатар басқарма басшысы қалдықтарды басқару және экологиялық мәдениетті қалыптастыру жұмыстарында да ерекше тоқталды.

- Қатты тұрмыстық қалдықтармен жұмыс – біздің басқарманың негізгі бағыттарының бірі. «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында өңір бойынша 44 іс-шарадан тұратын жоспар бекітілді. Оның ішінде қалдықтарды басқару, көгалдандыру, экологиялық ағарту, су және орман ресурстарын қорғау бағыттары қамтылған. Қазіргі таңда аталған жоспар аясында өңірде биылдың өзінде 37 мың тонна тұрмыстық қалдық жиналып, оның 21,7 %-ы қайта өңдеуге жіберілді. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 3 пайызға жоғары, - деді Марат Теміржанов.

Бұл көрсеткіштер облыста қалдықтарды бөліп жинау мен қайта өңдеу мәдениетінің біртіндеп қалыптасып келе жатқанын көрсетеді. Алайда бұл бағыттағы жұмыстарды одан әрі жандандыру – уақыт талабы.

- Өңірде экологиялық талап-

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

Семей қаласында кезекті жалпықалалық сенбілік жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Тазалық шарасына қала әкімі Әділет Қожанбаев бастаған жергілікті атқарушы орган өкілдері, мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері, кәсіпорындар мен ұйым мүшелері, сондай-ақ қарапайым тұрғындар белсене атсалысты.

СЕНБІЛІККЕ БЕЛСЕНЕ ҚАТЫСТЫ

Сенбілік барысында қаланың саябақтары, аулалары мен көшелері тазартылып, ағаш бұталары мен жапырақтар жиналды. Қоғамдық орындар ретке келтіріліп, санитарлық тазалық жұмыстары толық көлемде жүргізілді.

Қала әкімі өз сөзінде тұрғындарды Семейді таза әрі жайлы қала ретінде бірге қалыптастыруға шақырып, экологиялық мәдениеттің маңыздылығына ерекше тоқталды.

Сенбілікке 2000-нан астам адам қатысып, нәтижесінде 400 текше метрден астам қоқыс арнайы техникамен тұрмыстық қатты қалдықтар полигонына жеткізілді.

Тұрғындардың белсенділігі мен ұйымшылдығы – Семей



халқының өз қаласына деген жа-нашырлығының айғағы. Мұндай экологиялық акциялар қоршаған

ортаға ғана емес, қоғамның бірлігіне де оң әсерін тигізеді сөзсіз.

Өз тілшіміз

ЦИФРЛАНДЫРУ

27 ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСУДА

Облыс орталығында «Ақылды қала» бағдарламасы аясында 27 жоба жүзеге асырылып жатыр. Оның 7-уі толық аяқталған, 20-сы жоспарлы түрде жүзеге аса бастаған. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Абай облысы цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Абзал Серікұлы мәлімдеді.



КӘСІПКЕРЛІК

ІСКЕР ӘЙЕЛДЕР БАС ҚОСТЫ

«AMANAT» партиясының қолдауымен, облыстық Іскер әйелдер қауымдастығының ұйымдастыруымен ауылдық жерлердегі әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға арналған маңызды іс-шара — «Бизнес-тур» облыстық форумы өтті.

Форумның мақсаты – ауыл әйелдерінің бизнес әлеуетін арттыру, табысты тәжірибемен алмасуға және жаңа серіктестік байланыстар орнатуға мүмкіндік беру.

Іс-шара аясында түрлі салалар бойынша салалық сессиялар мен шеберлік сабақтары, мемлекеттік қолдау мен қаржыландыру құралдары таныстырылып, табысты кәсіпкерлер мен сарапшылардың тәжірибелерін бөлісті.

Сондай-ақ арнайы мәдени шара өткізіліп, оған «AMANAT» партиясының мүшелері, мәслихат депутаттары, жергілікті атқарушы органдардың өкілдері, кәсіпкерлер, «Даму» қоры мен банк секторларының мамандары, сондай-ақ қоғам қайраткерлері мен блогерлер жалпы жиыны 150 адам қатысты.

А. АМЕНОВА



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ ЖЫЛЫ

Жұмысшы мамандықтары жылы аясында өңірде жастарды кәсіби бағдарлау, техникалық және инженерлік мамандықтарға қызығушылығын арттыру мәселелеріне ерекше назар аударылуда. Бұл мақсатта облысымызда түрлі кездесулер, өндіріс орындарына экскурсиялар ұйымдастырылып келеді.

ДАМУДЫҢ ЖАҢА СЕРПІНІ

Сондай шаралардың бірі өткен аптада ұйымдастырылды. Бір топ оқушы цемент зауытына арнайы экскурсия жасап, өндіріс барысымен танысты. Жасөспірімдер заманауи технологиялармен, автоматтандырылған жүйелермен танысып, еңбек жағдайын көрді.

Абай облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы басшысының орынбасары Қаблан Қамбарбеков өндірістік ортадағы өзгерістер мен оның жастарға беретін мүмкіндіктері жайында айтып берді.

- Қазіргі өндіріс тек станок пен цех емес. Бұл – автоматтандыру мен цифрландыруға негізделген жоғары технологиялық орта. Жастардың осыны ұғынып, еңбек нарығының нақты талаптарымен ерте танысуы өте маңызды. Мұндай

кездесулер олардың еңбек нарығы талаптарымен танысып, тәжірибе жинақтауына мүмкіндік береді, - деді ол.

Мұндай шаралар жастардың жұмысшы мамандықтарына деген қызығушылығын арттырып, білім беру жүйесі мен өндіріс арасындағы байланысты нығайта түседі. Бұл өз кезегінде өңірдің кадрлық әлеуетін күшейтіп, өнеркәсіп саласының дамуына оң ықпал етпек.

- Осындай экскурсиялардың ұйымдастырылып жатқанына өте қуаныштымын. Расында да, жүз рет естігенше, бір рет көрген артық. Мұндай шаралар жиі өткізіліп тұрса екен деймін, себебі бұл бізге мамандық таңдауда үлкен көмек береді, - дейді №1 жалпы орта білім беретін мектептің оқушысы Марк Золотов.

Роза МАУЫЛХАНҚЫЗЫ





МЕРЕЙТОЙ

ЖҮРЕГІНЕ ЖЫЛЫЛЫҚ ҰЯЛАҒАН

«Ұстаз болу – өз уақытыңды аямай, өзгенің уақытын аялау»

(Ж.Руссо)

Бүгінгі мақаламызда ұлағатты ұстаздың тұлғалық болмысы, ғылыми-әдістемелік еңбегі және шәкірттерге деген қамқорлығы жайлы сөз қозғамақпыз.

Жанат Наукенқызы 1965 жылы 28 қазанда Алматы облысы Шелек ауданының Шелек ауылында дүниеге келген. Өсем табиғат аясында өткен балалық шағы оның өнерге деген құштарлығын ерте оятты. Өн мен күйге әуестеніп өскен ол өмірін өнер мен білімге арнауды мақсат етті.

Арман жолына нық қадам басқан Жанат Наукенқызы 1980-жылдардың соңында Талдықорған қаласындағы І.Жансүгіров атындағы педагогикалық институттың «Музыкалық білім беру» мамандығына оқуға түсіп, кейін 1991 жылы Алматыдағы Мемлекеттік қыздар педагогикалық институтын «Музыка және қосымша педагогика» мамандығы бойынша тамамдайды. Осылайша ұстаздық жолы басталады. Бұл таңдауы қазақ музыкасы мен педагогикасына адал қызмет етудің алғашқы баспалдағы еді.



Ұстаз... Бұл сөздің тереңінде мейірім мен талапшылдық, жауапкершілік пен адалдық, үміт пен сенім қатар өрілген. Нағыз ұстаз – әр шәкірттің жүрегінде ұмытылмас із қалдыратын жан. Ал жоғары оқу орнында ұстаздық ету – адамзат өркениетінің, ұлттық руханияттың және ұрпақ сабақтастығының мәңгілік діңгегі. Әлемнің қай қиырына барсақ та, қоғамдағы ұстаздың рөлі баға жетпес құндылық болып саналады. Қазақстанда да ұстазға деген құрмет ерекше. Елдің болашағы білімді де тәрбиелі жас ұрпақтың қолында дейміз. Сол ұрпаққа жол сілтеп, білімнің шамшырағын жағып келе жатқан ұстаздардың бірі – Шәкәрім университетінің «Өнер» кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі, тәжірибелі педагог Жанат Наукенқызы Айтжанова. Оның өмір жолы мен еңбекқорлығы – жас мамандарға үлгі, студенттерге – өнеге.



дай түседі.

ЖАДЫНДА ТҰР ЖЕЛТОҚСАННЫҢ ҮЗҒАРЫ

Көпшілік біле бермейтін бір жайт – Жанат Наукенқызы 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне қатысқан рухы биік қазақ аруларының бірі. Оның ерлікке парапар азаматтық ұстанымы, Желтоқсан көтерілісіндегі батылдығы туралы өзгелер түгілі, әріптестерінің бірі білсе, бірі білмес. Елінің азаттығы үшін күрескен қазақ қызы небәрі 21 жасында 1 жыл 6 айға бас бостандығынан айырылып, саяси қуғын-сүргінді бастан өткерді.

Жазушы Тоқтар Бейсқұловтың «Желтоқсан ызғары» атты деректі кітабында оның есімі Желтоқсанның қаһарлы күрешінде алаңда болған қазақ жастарының қатарында құрметпен аталады. Жанат Наукенқызы – «ел мен ердің намысын ту еткен қызғалдақтай жас арулардың» бірі. Ол – желтоқсанның ызғары қарыса да, жүрегінде үміт отын сөндірмеген, еркіндік пен әділет үшін кү-

ШӘКІРТ ЖАНЫН ТАНЫҒАН

Жанат Наукенқызының еңбек жолы – табандылықтың, адалдықтың және шәкіртке деген шексіз махаббаттың айғағы. Шәкірттерінің жетістігі ұстаз үшін ең үлкен марапат десек, артық айтаңдық емес. Ұстаз үшін ең басты байлық та шәкірті. Осы қағиданы өмірлік ұстанымына айналдырған Жанат Наукенқызы 35 жылға жуық ғылыми-педагогикалық еңбек жолында мыңдаған шәкірт тәрбиеледі. Білікті педагог, студенттердің дипломдық жұмыстарына, ғылыми жобаларына жетекшілік етумен қатар, бірнеше топтың эдвайзері ретінде жастардың тәрбиелік және мәдени іс-шараларға белсенді қатысуын қадағалап, тұлғалық дамуына ерекше көңіл бөледі.

Жанат Наукенқызы үшін әрбір дәріс – өнер мерекесі, ал студент – болашақтың үміті. Ол – тек дәріс оқып қана қоймай, әр шәкірттің жан дүниесіне үңіле білетін ақылшы ұстаз. Оның жетекшілігімен өтетін кураторлық сағаттар мен ашық іс-шаралар – студенттер үшін тағылым мен тәрбие мектебі.

Білікті ұстаздың «Музыкалық білім беру» бағдарламасының алғашқы құрастырушыларының бірі ретінде оқу процесін жетілдіруге қосқан үлесі де елеулі. Бұл бағдарлама арқылы талай жас мұғалімдер кәсіби жолға түсіп, бүгінде ел игілігіне қызмет етуде. Студенттердің жүрекжарды алғысы, олардың жеткен жетістігі – ұстаз еңбегінің нәтижесі.

Ізденімпаз ұстаз 2015 жылы педагогика ғылымдарының магистрі ғылыми дәрежесін алу үшін «Жалпы педагогика, педагогика және білім беру тарихы, этнопедагогика» мамандығы бойынша диссертация қорғады. Бұл – оның ғылыми ізденісінің аясын кеңейтіп, музыка педагогика-

сымен қатар, этнопедагогика мен ұлттық тәрбие мәселелерін терең зерттеуіне жол ашты. Жанат Наукенқызының ғылыми ізденістері педагогика, музыкалық өнер, педагогикалық жобалау, оқытудың тиімді әдістемелері саласын қамтиды.

Қоғамдық өмірдің де бел ортасында жүретін маман – университет, аймақ және облыс көлемінде өтетін ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен мәдени іс-шаралардың тұрақты қатысушысы әрі ұйымдастырушысы. Талай іс-шараларды жоғары деңгейде өткізген менеджер ретінде де белгілі.

Жанат Айтжанованың өмір жолы – елге, ұлтқа деген шынайы сүйіспеншіліктің, қайсарлық пен рух биіктігінің айғағы. Оның ұзақ жылғы еңбегі мемлекет пен қоғам тарапынан жоғары бағаланып келеді. Білікті ұстаз Тәуелсіздіктің 20 және 30 жылдығына орай, мерейтойлық медальдармен, сондай-ақ ҚР Білім және ғылым министрлігінің алғыс хатымен марапатталған. Сонымен қатар облыстық деңгейде берілген бірнеше грамоталары мен алғыс хаттары оның кәсіби шеберлігін айқын-

ЖАҢАСЕМЕЙ

МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында «Адал адам – адал еңбек – адал табыс» қағидатын басшылыққа ала отырып, кітапхананың қоғамдағы ерекше рөлін атап өткен еді. Президент өз сөзінде: «Кітапхана – мемлекеттің, ұлттың негізгі жады. Еліміз үшін құнды тарихи деректер мен материалдардың дені кітапханада сақталады», - деп, кітапханалардың ұлт санасын қалыптастырудағы маңызына, қоғамдағы орнына айрықша тоқталып өтті.

24 қазан – Кітапханашылар күні. Елімізде 2022 жылдан бері ресми түрде аталып өтіп келе жатқан кәсіби мереке – тек кітапханашылардың ғана емес, баспагерлердің, қаламгерлер мен ғалымдардың, барша оқырманның ортақ мейрамы.

Қайнар орталықтандырылған кітапхана

жүйесінің ұжымы кәсіби мерекелерін ерекше мазмұнда атап өтті. Кітапханашылардың кәсіби шеберлігін арттыру, тәжірибе алмасу мақсатында «Кітапханашы – мәртебелі мамандық» атты семинар-тренинг ұйымдастырылды. Іс-сараға Абыралы, Ақбұлақ, Алғабас ауылдық кітапханаларының қызмет-

керлері қатысты.

Семинар барысында кітапхана ісін дамытудағы заманауи бағыттар, цифрлық форматтағы жұмыс үлгілері және оқырман тартудың тиімді әдіс-тәсілдері талқыланды. Қатысушылар топтық жұмыс арқылы тәжірибе алмасып, өз кітапханаларындағы озық жобаларын бөлісті. Сонымен қатар ақпараттық технологияларды қолдану, әлеуметтік желілер арқылы кітапхана қызметін насихаттау жолдары, 2026 жылға арналған жоспарлар талқыланып, басты мақсаттар айқындалды.

Электронды форматтың қарқынды дамуына қарамастан, дәстүрлі кітапхананың ағартушылық рөлі өз маңызын жоғалтқан емес. Қайта, заман талабына сай жаңғырып, жаңа белестерге көтерілуде.

Қазақтың қабырғалы қаламгері Әбіш Кекілбаев: «Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана», - деп бекер айтпаса керек. Ендеше, кітап пен руханияттың шамшырағына айналған кітапханашылардың еңбегі әрдайым бағалануға лайық.

Білімді қоғам, саналы ұрпақ тәрбиелеуде кітапханашылардың қосар үлесі зор. Осы жолда елеулі еңбек етіп жүрген кітапхана қызметкерлерінің еңбегі жемісті болсын!

Д.АХМЕТОВА,
Қайнар орталық кітапханасының кітапханашысы

ӨЗЕКТІ

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТПІ

Абай облысында жыл басынан бері есірткі айналымына байланысты 185 құқық бұзушылық тіркелген. Оның 85-і — ауыр және аса ауыр санаттағы қылмыстар. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында Семей қаласы полиция басқармасының есірткі қылмыстарына қарсы бөлімінің бастығы Әлиман Бегешханов мәлімдеді.

415 КЕЛІ ЕСІРТКІ ТӘРКІЛЕНГЕН

Анар АХМЕТҚАЛИЕВА,
«Semei tańy»

Өңірде есірткіге тәуелділіктің және есірткі қылмыстарының алдын алу мақсатында жүргізіліп жатқан жұмыстар барысында полиция департаменті қызметкерлері заңсыз айналымнан 415 келі есірткі (марихуана, гашиш, психотроптық заттар) тәркілеген.

- Ұсталған 30 адамның ішінде, өкінішке қарай, көмеліке толмаған колледж студенті де бар, — деп атап өтті Әлиман Бегешханов.

Облыс аумағында 1 маусым мен 31 қазан аралығында «Қарасора – 2025» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтіп жатыр. Есірткі өсімдіктерін заңсыз өсіру және тасымалдаумен айналысатын қылмыстық топтардың жолын кесуге бағытталған акция барысында полиция есірткі айналымына қатысты 97 құқық бұзушылықты анықтаған. 255 келден астам есірткі затты тәркілеген.

- Марихуана жеткізудің 6 тұрақты арнасы жойылды. Олар, негізінен, Шу, Алматы және Павлодар қалаларынан облыс аумағына есірткі жеткізумен айналысқан, - деді бөлім басшысы.

Әлиман Бегешхановтың айтуынша, қазіргі таңда синтетикалық есірткілердің таралуы алаңдатарлық жағдайға жеткен. Соңғы 3 жылда облыста наркологиялық есепте тұрғандар саны 3 адамнан 37 адамға дейін артқан.

- Синтетикалық есірткілер – психобелсенді қасиеттері жоғары, химиялық жолмен алынған заттар. Халық арасында «тұз» деген атаумен белгілі бұл есірткінің адам ағзасына тиіпкер зияны орасан. Бір реттік қолданудың өзі қатты тәуелділікке және психикалық ауытқушылыққа алып келеді. Оның есесі 2 сағаттан бірнеше тәулікке дейін сақталады, - деді Әлиман Бегешханов.

Полиция қызметкерлері өңір тұрғындары жақындарына мұқият болуға және есірткіге тәуелділік проблемасына бейжай қарамауға шақырады. Есірткіге қарсы күрес – құқық қорғау органдарының ғана емес, барша қоғамның ортақ міндеті. Қоғамның сергектігі мен жанышырлығы қайғылы жағдайдың алдын алуға көмектеседі.

- Бүгінде есірткі проблемасы жасөспірімдердің басына төнген қауіп болып отыр. Баласына бақылаусыз қалдырған ата-аналар ертең қасіретті жағдайға душар болуы мүмкін. Өйткені есірткі таратумен айналысатын қылмыстық топтар жасөспірімдерді «оңай табыс табуға болады» деген желеумен өз қатарына тартып жатыр. Ата-аналар балаларының мінез-құлқы мен әдеттеріне, достары мен араласатын ортасына, қаржылық шығындарына, әлеуметтік желілердегі белсенділігіне назар аударуы қажет, - деп ескертті Әлиман Бегешханов.



ЛУДОМАНИЯ ДЕРТІ ӨРШІП ТҰР

Соңғы жылдары Қазақстанда заңсыз құмар ойын бизнесіне қарсы күрес күшейді. Соңғы екі жарым жыл ішінде 205 жер асты казиносы жабылып, 224 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

Бұл туралы Абай облысы бойынша экономикалық тергеу-тексеру департаментінің тағдау әзірлемелер бөлімі басшысының міндетін атқарушы Марат Сейілханов мәлімдеді.

Қазіргі таңда ел аумағында офлайн заңсыз ойын орындарының саны нөлге дейін қысқарғанымен, қазір негізгі қауіп шет елде тіркелген онлайн-казинолардан туындап отыр.

— Бұл платформалар қазақстандықтарды алдап, оңай табыс уәдесімен өзіне тартады. Алайда олардың қызметі ҚР «Ойын бизнесі туралы» Заңымен толықтай тыйым салынған. Жыл басынан бері 34 шетелдік онлайн-казиноның айна-сайттарына қатысты 17 мыңнан астам сілтеме бұғатталды. Дегенмен қолжетімділіктің оңайлығы, верификацияның жоқтығы және төмен мөлшерлемелер оларды әсіресе жастар үшін аса қауіпті, - деді Марат Сейілханов.

Мамандардың айтуынша, мұндай ойындарға тәуелділік лудомания деп аталады. Бұл – психологиялық ауру, оның зардабы ішімдік пен есірткіге тәуелділікпен бірдей. Лудоманияға шалдыққан адам уақытын да, ақшасын да құрбан етіп, тіпті отбасынан алыстайды. Белгілері: үнемі ойнау, ақша қарызға алу, өтірік айту, агрессия, қаржылық қиындықтар. — Айта кетерлігі, онлайн-казинолардың артында көбіне қылмыстық жолмен табылған «лас ақша» тұрады. Ал жаңа «клиенттерді» тарту үшін олар миллиондаған жазылушысы бар блогерлерді пайдаланып отыр. Быылдың өзінде Агенттік заңсыз жарнама жасаған 34 блогерді анықтады. Мемлекет заңсыз ойын бизнесіне қарсы күресті жалғастырып келеді. Арнайы рейд-



тер жүргізіліп, көлеңкелі қаржылық операцияларға тосқауыл қойылууда. Бүгінде ақпараттық науқандар, мектеп пен университеттердегі түсіндіру жұмыстары және отбасылық ашық әңгімелер жүргізілуде, - деді спикер. Егер сіз немесе жақыныңыз лудоманияға тап болса, көмекке жүгінудің бірнеше жолы бар: ҚР Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы психологиялық көмек орталықтары, «111» ұлттық сенім желісі, жеке психотерапевтер мен оңалту орталықтарына жүгіну қажет. Лудомания уақытша көңіл көтерудің емес, өмір бойғы өкініштің бастауы болуы мүмкін.

Абай облысы өңірлік коммуникациялар қызметі



"ҰЛТТЫҚ ҚОР - БАЛАЛАРҒА"

22,29 МЛН ДОЛЛАРДАН АСТАМ ҚАРАЖАТ ПАЙДАЛАНЫЛДЫ

2025 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша бағдарлама басталған сәттен бері (2024 жылғы 1 ақпан) уәкілетті оператор 22,29 млн АҚШ долларынан астам сомаға 156 956 өтініш орындады. Қаражат уәкілетті операторларға өтініш берушілердің банктік шоттарына есептеу үшін аударылды. Оның ішінде тұрғын үй мәселелерін шешу үшін 14,14 млн доллар сомасына 98 046 өтініш, білім алу ақысын төлеуге шамамен 8,15 млн доллар сомасына 58 910 өтініш орындалды. Естеріңізге сала кетейік, нысаналы жинақтарды (НЖ) алушы барлық соманы немесе оның бір бөлігін пайдалануға құқылы. Пайдаланылмаған қалдық нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) сақталады.

Тұрғын үй жағдайларын жақсарту аясында қазақстандықтар қаржыларын көбінесе мынадай мақсатта пайдаланды: одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылысы жинақтарындағы салымды толықтыруға 13,85 млн АҚШ долларына 95 786 өтініш, тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарнаын енгізуге 101,44 мың АҚШ долларына 755 өтініш және азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алуға (түпкілікті есеп айырысу) 69,88 мың АҚШ долларына 553 өтініш орындалды.

Білім алу ақысын төлеу бойынша ең танымал қосалқы мақсаттар: Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білім ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе бір рет толық көлемде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (7,38 млн АҚШ долларына 52 574 өтініш орындалды), білім алу үшін жинақтау салымы туралы шарт бойынша білім алу жинақтау салымын толықтыру (527,67 мың АҚШ долларына 4 477 өтініш орындалды), шетелдік білім беру ұйымдарының оқыту қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе бір рет толық көлемде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (7,38 млн АҚШ долларына 52 574 өтініш орындалды), білім алу үшін жинақтау салымы туралы шарт бойынша білім алу жинақтау салымын толықтыру (527,67 мың АҚШ долларына 4 477 өтініш орындалды), шетелдік білім беру ұйымдарының оқыту қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе бір рет толық көлемде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (7,38 млн АҚШ долларына 52 574 өтініш орындалды).



зең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде біржолғы (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (194,54 мың АҚШ долларына 1 526 өтініш орындалды).

Нысаналы жинақтар төлемін тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алу ақысын төлеу мақсатында пайдалану бойынша уәкілетті операторлар мен өңірлер бөлінісіндегі толық ақпаратпен enpf.kz сайтында танысуға болады.

Нысаналы жинақтар төлемін алу үшін алушыға не оның заңды өкіліне БЖЗҚ-мен тиісті келісім жасаған уәкілетті операторға жүгіну қажет. Өтінішті «Отбасы банкі» АҚ, «Қазақстан Халық банкі» АҚ-ның біріні интернет-ресурсы немесе мобильді қосымшасы арқылы беруге болады. Айта кетейік, 01.08.2025ж. бастап аталған тізім «Банк ЦентрКредит» АҚ жаңа уәкілетті операторымен толықтырылды.

Естеріңізге сала кетейік, «Ұлттық қор - балаларға» бағдарламасына сай Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық кірісінің 50%-ы жылына бір рет 2006 жылы және одан кейін туған, Қазақстан Республикасының азаматы болып есептелетін балалар арасында бөлінеді. 2023 жылы барлық НЖ алушыларына 100,52 АҚШ доллары, 2024 жылы

– 129,38 АҚШ доллары есептелгенін хабарлаймыз. 2006 жылы туған азаматтарды қоспағанда, 2023 жылы Ұлттық қордан алғашқы қаражат есептелген балаларға биыл 3,04 АҚШ доллары мөлшерінде инвестициялық кіріс есептелді. Нәтижесінде, 2006 жылы туған баланың нысаналы жинағындағы қаражат 100,52 АҚШ долларына тең болса, 2007 жылы туған баланың НЖШ-да 232,94 АҚШ доллары жинақталды.

Көмелетке толған азаматтар өздерінің НЖ туралы ақпаратты БЖЗҚ-ның немесе электрондық үкіметтің интернет-ресурстарындағы жеке кабинеті арқылы өз бетінше алуы тиіс, содан кейін уәкілетті операторға АҚШ долларында банктік шот ашып, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алу ақысын төлеу үшін НЖ төлеміне онлайн-өтініш беру үшін жүгіне алады.

Нысаналы жинақтар төлемін рәсімдеу үшін алушы не оның заңды өкілі БЖЗҚ-мен тиісті келісім жасалған уәкілетті операторға жүгінуі қажет. Өтінішті интернет-ресурс немесе «Отбасы банкі» АҚ (тұрғын үй жағдайларын жақсарту және білім беру ақысын төлеу мақсатында), «Қазақстан Халық банкі» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ (білім беру ақысын төлеу мақсатында) уәкілетті операторларының бірінің мобильді қосымшасы арқылы беруге болады.

kids.enpf.kz сайтында және БЖЗҚ/ЕНПФ YouTube-арнасында Бағдарламаның шарттарымен, қажетті нұсқаулықтармен танысып, өзіндік қызықтыратын сұрақтарыңызға жауап ала аласыз. Сондай-ақ, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын іске асыру, бала көмелетке толғанға дейін және одан кейінгі іс-қимыл алгоритмі туралы бейне нұсқаулықты БЖЗҚ/ЕНПФ YouTube-арнасында <https://www.youtube.com/watch?v=a9L8N4Q28OM> сілтемесі бойынша көруге болады.

«БЖЗҚ» баспасөз орталығы

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

12.12.2025 ж. сағат 11:00-де Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Аягөз ауданы, Ақтоғай кенті, Маметова көшесі, 5 мекенжайында орналасқан Ақтоғай кенттік клубы ғимаратында «Ақтоғай кен орнының карьер суын бұру және жинау жүйесі» нысанының құрылысы кезеңінде әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған құжат материалдары бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдау өткізіледі.

Учаскенің географиялық координаттары: 1) 46°57'45.14" се 79°57'18.69" шб 2) 46°57'45.16" се 79°57'25.29" шб 3) 46°57'39.52" се 79°57'25.24" шб 4) 46°57'39.68" се 79°57'18.81" шб.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде енгізіледі.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде өткізіледі.

Тыңдауға Zoom платформасында өткізілетін видеоконференция арқылы қатысу үшін төмендегі сілтемеге өтіңіз: <https://zoom.us/j/92845535481?pwd=8ayRzvFPbNmTx1beG1Or>

V64ID5yh.1

Сәйкестендіру нөмірі: 928 4553 5481, құпиясөз: 724684

Конференцияға қосылу бойынша сұрақтар болған жағдайда 8 (775) 0159101 телефонына хабарласуға болады. Қосымша ақпарат алуға болатын байланыс нөмірлері және электронды пошта: тел. 8 (727) 244-03-53 ішкі.59202, e-mail: Kal.Environmental@kazminerals.com.

Тапсырыс беруші: «KAZ Minerals Aktogay» (KAZ Минералз Ақтоғай) ЖШС, БСН 090840006023, ҚР, Абай облысы, Аягөз ауданы, Ақтоғай кенті, KAZ МИНЕРАЛЗ АҚТОҒАЙ Өнеркәсіптік аймағы, 27-үй, тел. 8-727-2440353, www.kazminerals.com.

Әзірлеуші: «Проектный центр «ПРОФЕССИОНАЛ» ЖШС; БСН 141140017741; ҚР, Өскемен қ., 3-ші Широкий тұйық көшесі, 21; тел. +7 777 495 09 74.

Жергілікті атқарушы орган – «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. 8 (7222) 354422, 8 777 980 57 37.

Жоба бойынша құжаттамалар Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі сайтында – <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде жарияланған.

Ескертпелер мен ұсыныстар <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, prirodnyye_resursy_obl.abay@mail.ru, upripr.abay@akimatabai.gov.kz электронды пошталары арқылы қабылданады.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Боке» ЖШС Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттаманың атауы: Қойтас учаскесін жою жобасына әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар материалдары. Әсер ету аймағы: Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал а. о. Жұмыс учаскесінің ауданы 1,6 км2 құрайды. Координаттар: 1) 49°04'19,13"се, 81°34'26,60"шб; 2) 49°04'18,73"се, 81°35'45,60"шб; 3) 49°03'47,25"се, 81°35'45,23"шб; 4) 49°03'47,65"се, 81°34'26,24"шб.

Қоғамдық тыңдаулар 25.11.2025 жылы сағат 10:00-де Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал ауылы, Жаңаөзен ауылы, Ер Жәнібек көшесі, 8, "Ақжал ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ ғимаратында өтеді. Ақжал және Бөке елді мекендері Әкімшілік жағынан Жаңаөзенге жататын Ақжал ауылдық округіне жатады. Бөке, Ақжал кенттерінің тұрғындары үшін қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін көлік беріледі. Бөке және Ақжал кенттерінен көлікті жөнелту уақыты 25.11.2025 жылы сағат 08:30-де.

Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: <https://us04web.zoom.us/j/73860408350?pwd=xosErgxJxyfKZ67abqvdGKBgr21N1M.1>. Конференция идентификаторы: 738 6040 8350, кіру коды: JN7BeV. Тіркеу талқылау басталғанға дейін 15 минут бұрын басталады. Қосылу мәселелері бойынша көзделіп отырған қызмет бастамашысының телефонына хабарласуға болады.

ГАЗЕТТІҢ № 101 САНЫНДАҒЫ СӨЗЖҰМБАҚТЫҢ ЖАУАБЫ



ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Зайсан Құрылыс Компаниясы» ЖШС «Сатпаев учаскесінде кең таралған пайдалы қазбаларды (құм-қиыршықтас қоспасын) өндіруге арналған тау-кен жұмыстарының жоспарына сәйкес әсерлерге экологиялық рұқсат алу материалдары (ШРҚ, ӨҚБЖ, ӨЭБ, ҚОӘЖ, ІШЖ)» жобасы бойынша қоғамдық тыңдау өткізеді.

Сатпаев құм-қиыршықтас қоспасы кен орны Абай облысы Ақсуат ауданында орналасқан, оңтүстігі бір километрден астам қашықтықта аттас елді мекенмен шектеседі.

Учаскенің географиялық координаттары: Солтүстік ендік: 1-нүкте – 47° 52' 51", 2-нүкте – 47° 52' 51", 3-нүкте – 47° 52' 40", 4-нүкте – 47° 52' 40". Шығыс бойлық: 1-нүкте – 82° 36' 30", 2-нүкте – 82° 36' 45", 3-нүкте – 82° 36' 45", 4-нүкте – 82° 36' 32".

Қоғамдық тыңдау 2025 жылғы 21 қараша күні сағат 16:00-де келесі мекенжайда өтеді:

Абай облысы, Ақсуат ауданы, Сатпаев ауылдық округі, Сатпаев ауылы, Ботай жазығы көшесі, 5 үй, Клуб ғимараты. Өзіңізбен бірге жеке куәлік болуы қажет.

Сонымен қатар, қоғамдық тыңдау онлайн режимде ZOOM платформасы арқылы бейнеконференция түрінде өткізіледі. Қосылу сілтемесі: <https://us05web.zoom.us/j/86093061414?pwd=JyqhVCoZdGth8e3TqSBloEq9XMT9O.1> Конференция идентификаторы: 860 9306 1414. Кіру коды: 1wFXET

Тапсырыс беруші-инициатор: «Зайсан Құрылыс Компаниясы» ЖШС Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы, Зайсан қаласы, Д. Қонаев көшесі, 133 үй. БСН: 050240002785

Жобалаушы: «РУДПРОЕКТ» ЖШС Занды мекенжайы: Габдулин көшесі, 11 үй, 9-пәтер. БСН: 250940034592 Тел.: +7 775 345 63 57. E-mail: rudproject@mail.ru

Жергілікті атқарушы орган: «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі. Тел.: 8 (7222) 35-44-22, 8 777 980 57 37

Жобалық құжаттама келесі сайттарда орналастырылған:

- Қоршаған ортаның жай-күйі және ресурстарды сақтау жөніндегі ұлттық деректер банкі: <https://ndbecology.gov.kz/>
- ЖАО ресми сайты: <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=kk>

Ұсыныстар мен ескертпелер <https://ndbecology.gov.kz/> сайты арқылы және электрондық пошта арқылы қабылданады: prirodnyye_resursy_obl.abay@mail.ru

Қосымша ақпарат алу үшін байланыс деректері: E-mail: rudproject@mail.ru, тел.: 8 705 397 17 67.

Жергілікті атқарушы органның электрондық және пошталық мекенжайы:

Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30 үй.


E-mail: prirodnyye_resursy_obl.abay@mail.ru Тел.: 8 (7222) 35-44-32

Ұсыныстар мен ескертпелер жазбаша немесе электронды түрде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы,

Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30-үй. E-mail: prirodnyye_resursy_obl.abay@mail.ru

Қоғамдық тыңдаулар туралы хабарландыру қазақ және орыс тілдерінде келесі ақпараттық көздер арқылы таратылатын болады: «ALTAI» телеарнасы, «Semei tañu» газеті.

С ө з ж ұ м б а қ



«Семей таңы» газеті 1969 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы грантымен марапатталған.



Директор – РИЗА АСАНҚЫЗЫ
МОЛДАШЕВА
Бас редактор –
Сәтжан ҚАСЫМЖАНҰЛЫ
Редактордың орынбасары –
жауапты хатшы
Роза ПҮШПАҚОВА

www.semeytany.kz

www.semeytany.kz Email: info@semeytany.kz

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті берген қайта тіркеу куәлігі № KZ49VPY00121173, 05.06.2025 ж.
Газет «ABAY AIMAQ MEDIA» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Басып шығару баспасы» «Рекламный дайджест агенттігі» ЖШС (Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20) баспа орталығында обсақтық әдіспен басылып шығады.
Индекс 06061. Тел.: 8775 433 44 08. Бағасы: келісімді.
Аптасына екі рет - сәрсенбі, жұма күндері шығады.
Жарияланған мақалалардың авторлардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің құзырында.
Меншікті тілшілеріміз: Бороудилихада - 8 776 740 87 21, Бесқарағайда - 8 775 433 44 08.

Редакцияның мекенжайы: Қыстаулы, Семей қаласы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 12. Тел.: Директордың хатшысы - 52-36-57; бас редактор - 52-04-75; редактордың орынбасары - 52-09-84; жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі - 56-08-03; факс - 52-04-75; бухгалтерия - 52-38-32

ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ 20820



Кезекші редактор Роза ПҮШПАҚОВА